

Мамаш (Қамаш) хан

Қасымның мұрагері
(1521-1523) ж.ж билік
етті.

Мамаш өзара тартыс
барысында қаза
тауып, хан тағын
Қасымның немере
інісі-

Тақыр (Тахир) хан иеленеді.

(1523-1533) жылдар аралығында Қазақ хандығын басқарды .

Тақыр хан тағдыры ауыр болды: Ханды халқының көпшілігі тастап кетті. Хан аздаған қазақтармен және қырғыздарға кетеді, ақыры қырғыздар арасында жоқшылық көріп, қайтыс болды.



Тахир хан

Қазақ хандығының 6-шы ханы

1523 — 1533

Ізашары: Момыш хан

Ізбасары: Бұйдаш хан (Жетісу өңірі)
Тоғым хан (Оңтүстік
Қазақстан өңірі)
Ахмет хан (Сырдария өңірі)

Өмірбаяны

Діні: Ислам

Дүниеге келуі: белгісіз

Қайтыс болуы: 1533 жыл
қазіргі Қырғызстан

Әкесі: Әдік сұлтан

Тақыр хан - 1522 - 1532 жылдары Қазақ хандығын билеген алтыншы хан. Ол - Жәнібек ханның төртінші ұлы Әдік сұлтанның ұлдарының бірі. Әдік сұлтан 1470-1503-04 жылдары қазақ қоғамында үлкен саяси беделге ие болған тұлға. Қазақ хандығының Сыр бойы үшін жүргізген күресінде, сондай-ақ 1490-шы жылдары қазақ-моғол қатынасында үлкен рөл атқарған. Әдік сұлтан моғол ханы Жүністің (1469-1487) төртінші қызы Сұлтан Нигар-ханымға үйленген. Қадырғали Жалайыр өз еңбегінде Әдік сұлтанды Шағым мырзамен (Нозай мырзасы Мұса бидің үлкен ұлы Б. К.) болған Жылайды төбе деген жердегі ұрыста бір ұлымен қаза тапты. Қабірі Үргеніштегі Бақырған атаның жанында деп жазады. «Тарихи Рашиди» авторы «...Әдік сұлтанңайтыс болғаннан кейін, Қасым хан өте күшті беделге ие болды - Сұлтан Нигар-ханымды Қасым хан өзіне әйел етті» - деп мәлімдейді.

Дерек мәліметіне жүгінсек, 1522 жылы Мамаш хан өлгеннен кейін Қазақ хандығында билік үшін сұлтандар арасында күрес күшейеді. «Қазақтар деп аталатын Дешті Қыпшақтың сұлтандары бір-бірімен ұзақ соғысты. Ақырында билікке Тақыр хан келді», - деп жазады Хайдар ибн Әли Хусайынн



Лучник

Қасым хан өлген соң Жайық пен Жем бойындағы өздерінің атамекендерін қайтарып алуды, осылайша батыстағы Қырым хандығының, солтүстік-батыстағы Қазан хандығының және оңтүстік-батыстағы Астрахан хандығының қыспағынан құтылуды ойластырған ноғайлар Еділ бойынан шығысқа жылжып, алғаш Мамаш ханмен текетіреске барған болса, енді 1523-1524 жылдары таққа отырған Тахир ханмен жағаласты. Олардың күшейе түсуіне қазақ сұлтандарының өз арасында басылмай қойған жікшілдік әрекеттер де ықпал жасады.



ХАЛДЫ БЫЛАЙША
БАҒАЛАЙДЫ. «... ОЛ
ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ, ӘСКЕРИ
ТАЛАНТТАРҒА ИЕ
БОЛМАДЫ, ... ШЕКСІЗ
ҚАТАЛДЫҒЫМЕН, ЖӘНЕ
ӘДІЛЕТСІЗДІГІМЕН ЕРЕКШЕ
БАЙҚАЛДЫ. ЖӘНЕ ДЕ
СОНЫМЕН БІРГЕ
МЕМЛЕКЕТТІ
БАСҚАРАТЫНДАЙ ҚАБІЛЕТІ
БОЛМАЙ, ӨЗІНІҢ БИЛІГІМЕН
ЖАЛПЫЛАМА ҚАРСЫЛЫҚҚА
ДУШАР БОЛДЫ. ӨЗ
ХАЛҚЫНАН ҚУЫПАЛДЫ»



Мұхаммед Хайдар Дулати: «Тақыр ханның билігі әлсіреген сайын оның қатандығы мен аяусыздығы өсе түсті. Оның Әбілқасым деген інісі болды. Ханның қатаңдығы содан шығып отыр деген оймен қарамағындағылар Әбілқасымды өлтіріп, өздері жан-жаққа тарап кетті», – деп баяндайды



Қадырғали Жалайыр болса, ол жөнінде өте қысқа, әрі нұсқа айтады: «Тақыр хан болды. Біраз күн хандық құрды, бірақ патшалық сырын білмеді»